

Мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 27 желтоқсандағы N 329 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 28 қаңтарда N 2851 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2013 жылғы 12 тамыздағы N 212 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.08.2013 N 212 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы 9-1 бабының 4-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 27-бабының 2-тармағына, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қолдау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызмет р е г л а м е н т і ;
- 2) «Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілілігін растайтын анықтама беру» мемлекеттік қызмет регламенті;
- 3) «18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет регламенті;
- 4) «Қозғалуы қиындық туғызатын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекші беруге және есту бойынша мүгедектерге ымдау тіл маманын беру үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;
- 5) «Мүгедектерге санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;
- 6) «Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;
- 7) «Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік

қ ы з м е т

р е г л а м е н т і ;

8) «Тұлғаларға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

9) «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Сапарбаев

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 329
қаулысымен бекітілген

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (бұдан әрі - уәкілетті орган) көрсетеді, олардың тізбесі, мекенжайлары мемлекеттік қызмет көрсетудің осы регламентіне 1 қосымшада көрсетілген. Тұрғылықты жері бойынша уәкілетті орган болмаса, өтініш беруші мемлекеттік қызмет алу үшін селолық округтің ә к і м і н е ө т і н і ш ж а с а й д ы .

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 2-бабы 1-тармағының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 желтоқсандағы № 1685 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу ережесінің 2-тарауының, «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 47598 бұйрығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызмет стандарты негізінде көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі тұтынушыға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет

көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға: жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, босқындарға, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға (бұдан әрі – тұтынушыларға) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің талаптары

6. Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш білдіруге қажет уәкілетті органның орналасқан жері мен жұмыс кестесі туралы ақпарат осы регламентке 1-қосымшада көрсетілген.

7. Мемлекеттік қызмет туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында, уәкілетті органның, селолық округ әкімінің стенділерінде, ресми ақпарат көздерінде орналастырылады.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) тұтынушы осы регламенттің 13-тармағында айқындалған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

уәкілетті органға - жеті жұмыс күні ішінде;
тұрғылықты жері бойынша селолық округтің әкіміне - жиырма екі жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алғанға дейін кезекте күтудің ең жоғары шекті уақыты бір өтініш берушіге қызмет көрсетуге 15 минуттан есептегенде кезектегі адамдардың санына байланысты болады;

3) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ шекті уақыты – 15 минуттан аспайды.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мынадай:

1) отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген кедейлік шегінен асатын жағдайда;

2) мүгедектерді және стационарлық емделуде бір айдан астам уақыт кезеңінде болатын адамдарды, күндізгі оқу нысанында оқитын оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттар мен магистранттарды, сондай-ақ I және II топтардағы мүгедектерді, сексен жастан асқан адамдарды, жеті жасқа дейінгі балаларды бағып-күтумен айналысатын азаматтарды қоспағанда, жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдарда тіркелмеген жұмыссыздарға және жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысудан

жазбаша түрде бас тартқан Қазақстан Республикасының еңбекке жарамды азаматтарына ;

3) уәкілетті органдар ұсынған жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналастырудан, кәсіби даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, осындай жұмыстарға қатысуды және оқуды өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздарға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады.

Жұмыссыз адам жұмысқа, оның ішінде әлеуметтік жұмыс орнына немесе қоғамдық жұмысқа орналасқан, кәсіби даярлауға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілген күннен бастап, ал Қазақстан Республикасының еңбекке жарамды азаматтары жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысқан күннен бастап атаулы әлеуметтік көмек қайта қалпына келтіріледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздемелер көзделмеген.

10. Тұтынушыдан мемлекеттік қызмет алу туралы өтініш қабылданған сәттен бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызмет көрсету сатылары :

1) тұтынушы уәкілетті органға немесе селолық округ әкіміне өтініш береді;

2) уәкілетті орган өтініш берушіден немесе селолық округтің әкімінен өтініш түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол туралы тұтынушыны жазбаша хабардар етеді, бас тартылған жағдайда – оның себептері көрсетіледі ;

3) уәкілетті органның маманы тұтынушыға әлеуметтік көмекті тағайындау немесе қызметті ұсынудан дәлелді бас тарту туралы хабарлама береді.

11. Мемлекеттік қызмет көрсетудің әр сатысында құжаттар қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалардың ең аз саны бір қызметкер құрайды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әрекеттер (өзара іс-қимыл) сипаттамасы

12. Мемлекеттік қызмет алу үшін қажетті өтініштің толтырылған нысаны мен басқа да құжаттар заңды мекенжайы, телефоны осы регламентке 1 қосымшада көрсетілген уәкілетті органның жауапты адамына немесе тұрғылықты жері бойынша селолық округ әкіміне тапсырылады. Жауапты адамдардың кабинет нөмірлері туралы мәліметтер уәкілетті органның мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі ақпараты орналастырылған стендісінде ілінген.

13. Тұтынушы мемлекеттік қызмет алу үшін мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері көрсетілген белгіленген үлгідегі өтініш, әлеуметтік жеке кодтың нөмірі;

2) белгіленген үлгідегі отбасы құрамы туралы мәліметтер;
3) белгіленген үлгідегі отбасы мүшелері алған табыстары туралы мәліметтер;
4) белгіленген үлгідегі жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы мәліметтер ;

5) өтініш берушінің (отбасы мүшелерінің) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі не мекенжай анықтамасы не селолық әкімдердің анықтамасы ;

6) жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысқан жағдайда әлеуметтік келісімшарттың көшірмесі.

Атаулы әлеуметтік көмек алу құқығы тоқсан сайын табыс туралы құжаттарды берумен расталып отырады .

Уәкілетті органда өтініш нысандары күту залындағы арнайы тағанда орналастырылады не құжаттарды қабылдайтын қызметкерде болады. Селолық округтің әкімінде өтініш нысандары құжаттарды қабылдайтын қызметкерде болады .

Барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін уәкілетті органда немесе селолық округ әкімінде тұтынушыға мемлекеттік қызметке тұтынушыны тіркелген және алатын күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі .

14. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – белгілі бір сатыда мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері қатысады :

1) азаматтардан құжаттар қабылдау, компьютерлік өңдеу, әлеуметтік көмекті тағайындау немесе бас тарту туралы хабарлама дайындаумен айналысатын уәкілетті орган маманы, селолық округтің әкімі (ҚФБ-1);

2) бақылауды жүзеге асыратын, бұрыштама қоятын, жауапты орындаушыны белгілейтін және әлеуметтік көмек тағайындау немесе одан бас тарту туралы хабарламаларға қол қоятын уәкілетті органның бастығы (ҚФБ-2).

15. Әрбір әкімшілік әрекеттің (рәсімнің) орындалу мерзімі көрсетілген әрбір ҚФБ әкімшілік әрекет жасау (рәсімінің) кезектілігі мен өзара іс-қимылдарының кестедегі мәтіндік сипаттамасы осы регламентке 2 қосымшада берілген.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің қисынды реттілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін сұлба осы регламентке 3 қосымшада берілген.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

17. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсету барысында олар қабылдаған шешімдер және әрекеттер (әрекетсіздіктер) үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жауаптылықта болады.

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызмет регламентіне
1 қосымша

Уәкілетті органдардың мекенжайлары мен жұмыс кестелері

р/с №	Уәкілетті органдардың атаулары	Уәкілетті органдардың орналасқан мекенжайы (қала, аудан, көше, үй №, электронды пошта мекенжайы)	Қаланың коды және телефон нөмірі	Жұмыс кестесі
1	2	3	4	5
1	Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070000, Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі, 157/2 ozisp_uka@mail.ru	8-7232 77-03-33	
2	Семей қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071400, Семей қаласы, Қозыбағаров көшесі, 40 czn@mail.ru	8-7222 56-17-88	
3	Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071300, Риддер қаласы, Гагарин көшесі, 6 loszn@yandex.ru	8-72336 4-54-47	
4	Курчатов қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070100, Курчатов қаласы, Курчатов көшесі, 3 Kurchatov_CC@mail.kz	8-72251 2-38-30	
5	Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070100, Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Құнанбай көшесі, 14 abai_c@mail.ru	8-72252 9-15-05	
6	Аягөз ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070200, Аягөз қаласы, Дүйсенов көшесі, 104 ayagoz.sobes@mail.ru	8-72237 3-27-56	

7	Бесқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070300 ауданы, Пушкин ауылы, 2А, beskar_c@mail.ru	Бесқарағай Бесқарағай көшесі,	8-72236 9-11-82	
8	Бородулиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070400 ауданы, Жастар ауылы, 25 bor_c@mail.ru	Бородулиха Бородулиха көшесі,	8-72351 2-22-74	
9	Глубокое ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070500 Глубокое ауданы, Глубокое кенті, Попович көшесі, 13 glubokoe-ozsp@mail.ru		8-72331 2-11-15	
10	Жарма ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070600, Жарма ауданы, Қалбатау ауылы, Мұсылманқұлов көшесі, 70 Zharma_c@mail.ru		8-72347 6-56-70	Демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда, аптасына бес күн, сағат 9-00-дан 18-00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-00-ге дейін
11	Зайсан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070700, Зайсан ауданы, Зайсан қаласы, Манапов көшесі, 21 zaisan_sobes@mail.ru		8-72340 2-18-66	
12	Зырян ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070800, Зырян ауданы, Зырян қаласы, Бірінші май көшесі, 23 zir_sob@mail.ru		8-72335 6-22-57	
13	Катонқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын Абылайхан ауылы, көшесі, 109 katon_c@mail.kz		8-72341 2-14-53	
14	Күршім ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070200, Күршім ауданы, Күршім ауылы, Барак батыр көшесі, 78 kur_c@mail.ru		8-72339 2-13-30	
15	Көкпекті ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071000, Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылы, Шериаздан көшесі, 61 kokpekti_ozsp@mail.ru		8-72348 2-17-34	
16	Тарбағатай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071500, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы, Абылайхан көшесі, 16 tarbag_c@mail.ru		8-72346 2-18-19	

17	Ұлан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071600, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, 5 ulanka_z@mail.ru	8-72338 2-74-80
18	Үржар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071700 Үржар ауданы, Үржар ауылы, Абылайхан даңғылы, 120 urdjar@mail.ru	8-72230 3-45-01
19	Шемонаиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071800 Шемонаиха ауданы, Шемонаиха қаласы, Жастар көшесі, 19 Shem_sob@mail.ru	8-72332 3-06-22

«Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызмет регламентіне
2 қосымша

1 кесте. ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

1	Әрекеттің № (жұмыстың барысы, ағыны)	ҚФБ 1	ҚФБ 1	ҚФБ 2
2	ҚФБ атауы	Уәкілетті органның маманы, селолық округтің әкімі	Уәкілетті органның маманы	Уәкілетті органның бастығы
3	Әрекеттің атауы (үдерістің, рәсімнің, операцияның) және олардың сипаттамасы	Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау	Қабылданған өтініштерді өңдеу	Бұрыштама қою және жауапты орындаушыны белгілеу
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат)	Қабылданған құжаттар пакеті туралы талонды беру	Қабылданған құжаттарды тіркеу және оларды бұрыштама қою үшін басшыға беру	Жауапты орындаушыны тағайындау
5	Орындау мерзімдері	15 минуттан аспайды	7 жұмыс күні ішінде	

кестенің жалғасы:

1	Әрекеттің № (жұмыстың барысы, ағыны)	ҚФБ 1	ҚФБ 2	ҚФБ 1
2	ҚФБ атауы	Уәкілетті органның маманы	Уәкілетті органның бастығы	Уәкілетті органның маманы
3	Әрекеттің атауы (үдерістің, рәсімнің, операцияның) және олардың сипаттамасы	Әлеуметтік көмекті тағайындау	Әлеуметтік көмектің тағайындалуын бақылау	Орындалған өтініштерді өңдеу

4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат)	Әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама дайындау	Әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаларға қол қою	Орындалған өтініштерді тіркеу және хабарламаларды өтініш берушілерге жіберу
5	Орындау мерзімдері	7 жұмыс күні ішінде		

2 кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс


Негізгі үдерістің әрекеттері (жұмыстың барысы, ағыны)		
ҚФБ-1 тобы	ҚФБ-1	ҚФБ-2
№ 1 әрекет Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау, құжаттардың қабылдануы жөнінде талон беру	№ 2 әрекет Қабылданған өтініштерді өңдеу, қабылданған құжаттарды тіркеу және оларды бұрыштама қою үшін басшыға беру	№ 3 әрекет Бұрыштама қою және жауапты орындаушыны белгілеу. Жауапты орындаушыны тағайындау

кестенің жалғасы:

Негізгі үдерістің әрекеттері (жұмыстың барысы, ағыны)		
ҚФБ-1	ҚФБ-2	ҚФБ-1
№ 4 әрекет Әлеуметтік көмекті тағайындау. Әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарлама дайындау	№ 5 әрекет Әлеуметтік көмектің тағайындалуын бақылау. Әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы хабарламаларға қол қою	№ 6 әрекет Орындалған өтініштерді өңдеу. Орындалған өтініштерді тіркеу және хабарламаларды өтініш берушілерге жіберу

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызмет регламентіне
3 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің қисынды реттілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін сұлба



Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
 2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 329
 қаулысымен бекітілген

«Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілілігін растайтын анықтама беру» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (бұдан әрі - уәкілетті орган) көрсетеді, олардың тізбесі, мекенжайлары мемлекеттік қызмет көрсетудің осы регламентіне 1 қосымшада көрсетілген. Тұрғылықты жері бойынша уәкілетті орган болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет алушы мемлекеттік қызмет алуға селолық округтің әкіміне жүгінеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3. Мемлекеттік қызмет «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру мекемелерінің мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің

шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып , отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілілігін растайтын анықтама беру» мемлекеттік қызмет стандарты негізінде көрсетіледі.

4. Мемлекеттік қызмет алушы алатын көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек алушыларға мемлекеттік қызмет алушының (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама, не қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға – мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет алушылар) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің талаптары

6. Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш білдіруге қажет уәкілетті органның орналасқан жері мен жұмыс кестесі туралы ақпарат осы регламентке 1 қ о с ы м ш а д а к ө р с е т і л г е н .

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі туралы толық ақпарат:

1) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің www.enbek.gov.kz интернет-ресурсында;

2) уәкілетті органның, селолық округ әкімінің стенділерінде, ресми ақпарат көздерінде орналастырылады.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері 13-тармақта анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап 15 минуттан аспайды;

2) мемлекеттік қызмет алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің шекті ең көп уақыты бір мемлекеттік қызмет алушыға қызмет көрсетуге 15 минуттан есептегенде кезектегі адамдардың санына байланысты болады;

3) мемлекеттік қызмет алушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең көп уақыты – 15 минуттан аспайды.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет алушының (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек

алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беруден бас тарту ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы мәліметтер болмаған жағдайда жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет беруді тоқтата тұру үшін негіздеме жоқ.

10. Тұтынушыдан мемлекеттік қызмет алу туралы өтініш қабылданған сәттен бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызмет көрсету сатылары:

1) мемлекеттік қызметті алушы уәкілетті органға немесе селолық округ әкіміне өтініш береді;

2) уәкілетті орган немесе селолық округ әкімі өтініш түскен сәттен бастап 15 минут ішінде ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек алушыларға мемлекеттік қызмет алушының (отбасының) тиесілігін растайтын анықтама, не қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап береді.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттар қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалардың ең аз саны әр сатыда бір қызметкерді құрайды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әрекеттер (өзара іс-қимыл) сипаттамасы

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажетті өтініштің толтырылған нысаны және жеке басын куәландыратын құжаттар көшірмесін заңды мекенжайлары, телефоны осы регламентке 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органның жауапты адамына немесе тұрғылықты жері бойынша селолық округ әкіміне тапсырылады. Жауапты адамдардың кабинет нөмірлері туралы мәліметтер мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде ақпарат жазылған уәкілетті органның стендісінде орналастырылған.

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызмет алушылар уәкілетті органға және селолық округ әкіміне мынадай құжаттарды ұсынады:

жеке басын куәландыратын құжат: (Қазақстан азаматтары – жеке куәліктің (паспорт) көшірмесі, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ыхтиярхаты және азаматтығы жоқ адамның ішкі істер органдарында тіркелгені туралы белгісі бар куәлігі).

Салыстырып тексеру үшін құжаттар түпнұсқалар мен көшірмелерде не нотариалды расталған көшірмелерде ұсынылады, содан кейін құжаттардың түпнұсқалары мемлекеттік қызмет алушыға қайтарылады.

Өтініш нысаны осы регламентке 4-қосымшаға сәйкес күту залындағы арнайы тағанда орналастырылады не құжат қабылдайтын қызметкерде болады. Селолық округ әкімінде өтініш нысаны құжаттарды қабылдайтын қызметкерде болады.

Осы регламентке 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама беру

мемлекеттік қызмет алушының жергілікті жеріндегі уәкілетті органға (селолық округ әкіміне) жеке өзінің баруы арқылы жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) – белгілі бір сатыда мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлiмшелерi қ а т ы с а д ы :

1) азаматтардың құжаттарын қабылдаумен, өңдеумен, ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек алушыларға мемлекеттік қызмет алушының (отбасының) тиесілігін растайтын анықтаманы, не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап әзірлеумен айналысатын уәкілетті органның маманы, селолық округтің әкімі (ҚФБ-1);

2) бақылауды жүзеге асыратын, бұрыштама қоятын, жауапты орындаушыны белгілейтін, ағымдағы тоқсанда атаулы әлеуметтік көмек алушыларға мемлекеттік қызмет алушының (отбасының) тиесілігін растайтын, не қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді анықтамаларға қол қоятын уәкілетті органның бастығы, селолық округтің әкімі (ҚФБ-2).

15. Әрбір әкімшілік әрекеттің (рәсімнің) орындалу мерзімі көрсетілген әрбір ҚФБ әкімшілік әрекет жасау (рәсімінің) кезектілігі мен өзара іс-қимылдарының кестедегі мәтіндік сипаттамасы осы регламентке 2 қосымшада берілген.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің қисынды реттілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін сұлба осы регламентке 3 қосымшада берілген.

17. Өтініш нысаны, мемлекеттік қызмет алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілілігін растайтын анықтама осы регламентке 4, 5 қосымшаларда көрсетілген.

4. Мемлекеттік қызметтер көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

17. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсету барысында олар қабылдаған шешімдер және әрекеттер (әрекетсіздіктер) үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте жауаптылықта болады.

«Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілілігін растайтын анықтама беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 1 қосымша

Уәкілетті органдардың мекенжайлары мен жұмыс кестелері

р/с №	Уәкілетті органдардың атаулары	Уәкілетті органдардың орналасқан мекенжайы (қала, аудан, үй №, электронды пошта мекенжайы)	Қаланың коды және телефон нөмірі	Жұмыс кестесі
1	2	3	4	5
1	Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070000, Өскемен қаласы, Ворошилов көшесі, 157/2 ozisp_uka@mail.ru	8-7232 77-03-33	
2	Семей қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071400, Семей қаласы, Қозыбағаров көшесі, 40 czn@mail.ru	8-7222 56-17-88	
3	Риддер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071300, Риддер қаласы, Гагарин көшесі, 6 loszn@yandex.ru	8-72336 4-54-47	
4	Курчатов қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070100, Курчатов қаласы, Курчатов көшесі, 3 Kurchatov_CC@mail.kz	8-72251 2-38-30	
5	Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070100, Абай ауданы, Қарауыл ауылы, Құнанбай көшесі, 14 abai_c@mail.ru	8-72252 9-15-05	
6	Аягөз ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070200, Аягөз қаласы, Дүйсенов көшесі, 104 ayagoz.sobes@mail.ru	8-72237 3-27-56	
7	Бесқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070300, Бесқарағай ауданы, Бесқарағай ауылы, Пушкин көшесі, 2А, beskar_c@mail.ru	8-72236 9-11-82	
8	Бородулиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070400, Бородулиха ауданы, Бородулиха ауылы, Жастар көшесі, 25 bor_c@mail.ru	8-72351 2-22-74	
9	Глубокое ауданының жұмыспен қамту және	070500, Глубокое ауданы, Глубокое кенті, Попович		

	әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	к ө ш е с і , glubokoe-ozsp@mail.ru	1 3	8-72331 2-11-15	
10	Жарма ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070600, Жарма ауданы, Қалбатау ауылы, Мұсылманқұлов көшесі, 70 Zharma_c@mail.ru		8-72347 6-56-70	Демалыс және мерекелік күндерді қоспағанда, аптасына бес күн, сағат 9-00-дан 18-00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13-00-ден 14-00-ге дейін
11	Зайсан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070700, Зайсан ауданы, Зайсан қаласы, Манапов к ө ш е с і , 2 1 А zaisan_sobes@mail.ru		8-72340 2-18-66	
12	Зырян ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070800, Зырян ауданы, Зырян қаласы, Бірінші май көшесі, zir_sob@mail.ru		8-72335 6-22-57	
13	Катонқарағай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070900, Катонқарағай ауданы, Үлкен Нарын Абылайхан к ө ш е с і , 1 0 9 katon_c@mail.kz		8-72341 2-14-53	
14	Күршім ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	070200, Күршім ауданы, Күршім ауылы, Барак батыр көшесі, kur_c@mail.ru		8-72339 2-13-30	
15	Көкпекті ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071000, Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылы, Шерияздан көшесі, kokpekti_ozsp@mail.ru		8-72348 2-17-34	
16	Тарбағатай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071500, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы, Абылайхан көшесі, tarbag_c@mail.ru		8-72346 2-18-19	
17	Ұлан ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071600, Ұлан ауданы, Қасым Қайсенов кенті, ulanka_z@mail.ru		8-72338 2-74-80	
18	Үржар ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071700 Үржар ауданы, Үржар ауылы, Абылайхан д а ң ы л ы , 1 2 0 urdjar@mail.ru		8-72230 3-45-01	

19	Шемонаиха ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	071800 ауданы, қаласы, 1 9 Shem_sob@mail.ru	Жастар	Шемонаиха Шемонаиха көшесі,	8-72332 3-06-22
----	---	---	--------	-----------------------------	-----------------

«Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілілігін растайтын анықтама беру» мемлекеттік қызмет регламентіне
2 қосымша

1 кесте. ҚФБ іс-әрекетінің сипаттамасы

1	Әрекеттің № (жұмыстың барысы, ағыны)	ҚФБ 1	ҚФБ 1	ҚФБ 2
2	ҚФБ атауы	Уәкілетті органның маманы, селолық округтің әкімі	Уәкілетті органның маманы, селолық округтің әкімі	Уәкілетті органның бастығы, селолық округтің әкімі
3	Әрекеттің атауы (үдерістің, рәсімнің, операцияның) және олардың сипаттамасы	Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау	Қабылданған өтініштерді өңдеу	Бұрыштама қою және жауапты орындаушыны белгілеу
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат)		Қабылданған құжаттарды тіркеу және оларды бұрыштама қою үшін басшыға беру	Жауапты орындаушыны тағайындау
5	Орындау мерзімдері	15 минуттан аспайды		

кестенің жалғасы:

1	Әрекеттің № (жұмыстың барысы, ағыны)	ҚФБ 1	ҚФБ 2	ҚФБ 1
2	ҚФБ атауы	Уәкілетті органның маманы, селолық округтің әкімі	Уәкілетті органның бастығы, селолық округтің әкімі	Уәкілетті органның маманы, селолық округтің әкімі
3	Әрекеттің атауы (үдерістің, рәсімнің, операцияның) және олардың сипаттамасы	Анықтама беру	Анықтаманың берілуін бақылау	Орындалған өтініштерді өңдеу
4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат)	Анықтама немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындау	Анықтамаға немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	Орындалған өтініштерді тіркеу
5	Орындау мерзімдері	15 минуттан аспайды		

2 кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі үдеріс

Негізгі үдеріс (жұмыстың барысы, ағыны)		
ҚФБ-1 тобы	ҚФБ-1	ҚФБ-2
№ 1 әрекет Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштерді қабылдау	№ 2 әрекет Қабылданған өтініштерді өңдеу, қабылданған құжаттарды тіркеу және оларды бұрыштама қою үшін басшыға беру	№ 3 әрекет Бұрыштама қою және жауапты орындаушыны белгілеу. Жауапты орындаушыны тағайындау


кестенің жалғасы:

Негізгі үдеріс (жұмыстың барысы, ағыны)		
ҚФБ-1	ҚФБ-3	ҚФБ-1
№ 4 әрекет Анықтама беру. Анықтаманы немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап дайындау	№ 5 әрекет Анықтаманың берілуін бақылау. Анықтамаға немесе мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	№ 6 әрекет Орындалған өтініштерді өңдеу. Орындалған өтініштерді тіркеу

«Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға өтініш берушінің (отбасының) тиесілілігін растайтын анықтама беру» мемлекеттік қызмет регламентіне

3 қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісінде ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің қисынды реттілігі арасындағы өзара байланысты көрсететін сұлба



«Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға
өтініш берушінің (отбасының) тиесілілігін растайтын
анықтама беру» мемлекеттік қызмет регламентіне

4 қосымша

Уәкілетті органға селолық округ

әкіміне

(елді мекен, аудан, облыс)

(Өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты)

(елді мекен, аудан)

мекен жайда

тұратын

(көше, үй және пәтердің №, телефон)
құжат, жеке куәлік №

_____ берілген күні

Өтініш

Маған 20__ жылғы ____ тоқсанда мен шын мәнінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болып табылатындығым туралы анықтама беруді сұраймын.

Анықтама талап еткен орынға қажет.

20__ жылғы «____» _____

(өтініш берушінің қолы)

«Атаулы әлеуметтік көмек алушыларға
өтініш берушінің (отбасының) тиесілілігін растайтын
анықтама беру» мемлекеттік қызмет регламентіне

5 қосымша

АНЫҚТАМА

тіркеу нөмірдегі 20__ жылғы ____ тоқсанда шын мәнінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушысы болып табылғандығы туралы берілді.

Отбасының мына мүшелеріне:

1. _____
2. _____

3. _____
4. _____
5. _____

Анықтама талап еткен орынға көрсету үшін берілді.

Уәкілетті органның бастығы _____

(селолық округтің әкімі)

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2012 жылғы 27 желтоқсандағы № 329
қаулысымен бекітілген

«18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Мемлекеттік қызметті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жұмыспен камту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі (бұдан әрі - уәкілетті орган) көрсетеді, олардың тізбесі, мекенжайлары мемлекеттік қызмет көрсетудің осы регламентіне 1 қосымшада көрсетілген, сондай-ақ баламалы негізде халыққа қызмет көрсету орталығы (бұдан әрі – ХҚО) көрсетеді, ХҚО мекенжайлары осы регламентке 2 қосымшада көрсетілген. Тұрғылықты жері бойынша уәкілетті орган немесе ХҚО болмаған жағдайда тұтынушы мемлекеттік қызмет алу үшін селолық округтің әкіміне жүгінеді.

2. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

3 Мемлекеттік қызмет «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» 2005 жылғы 28 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының, «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қарашадағы № 1092 қаулысымен бекітілген Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу ережесінің 2-тарауы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысымен бекітілген «18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет стандарты негізінде ұсынылады.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі өтініш берушіге 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы тағайындау туралы қағаз жеткізгіштегі хабарлама не қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз жеткізгіштегі дәлелді жауап болып т а б ы л а д ы .

5. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға: 18 жасқа дейінгі балалары бар,

отбасының жан басына шаққандағы табысы азық-түлік себеті құнынан төмен Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына және оралмандарға (бұдан әрі – тұтынушылар) көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетудің талаптары

6. Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш білдіруге қажет уәкілетті органның, ХҚО-ның орналасқан жері мен жұмыс кестесі туралы ақпарат осы регламентке 1 және 2 қосымшаларда көрсетілген.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және қажетті құжаттар туралы толық ақпарат Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында www.enbek.gov.kz, уәкілетті органның, селолық округ әкімінің, ХҚО-ның стенділерінде, ресми ақпарат көздерінде орналастырылады, сондай-ақ нөмірлері осы регламентке 1 және 2-қосымшада көрсетілген ХҚО-ның ақпараттық-анықтамалық қызметінің телефоны арқылы алуға болады.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері тұтынушы осы регламенттің 13-тармағында анықталған қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап: уәкілетті органға – он жұмыс күні ішінде; тұрғылықты жері бойынша селолық округ әкіміне – күнтізбелік отыз күннен аспайды;

ХҚО-ға – күнтізбелік он күн ішінде (мемлекеттік қызметке құжат қабылдау және беру (нәтиже) күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді);

2) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейін күтудің жол берілетін ең көп уақыты бір тұтынушыға қызмет көрсетуге уәкілетті органда, селолық округтің әкімі 15 минуттан, ХҚО-да 30 минуттан есептегенде кезектегі адамдардың санына байланысты болады;

3) тұтынушы өтініш берген күні сол жерде көрсетілетін мемлекеттік қызмет тұтынушыға қызмет көрсетудің жол берілетін ең көп уақыты уәкілетті органда, селолық округтің әкімі 15 минуттан аспайды, ХҚО-да – 30 минут.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Уәкілетті орган:

1) егер әкесі немесе анасы (асырап алушылар) бірінші, екінші топтағы мүгедектердің, мүгедек балалардың, сексен жастан асқан адамдардың, үш жасқа дейінгі баланың күтімімен айналысатын жағдайларды қоспағанда, баланың еңбекке жарамды ата-анасы (асырап алушылар) жұмыс істемейтін, күндізгі оқу бөлімінде оқымайтын, әскерде қызметін өткермейтін және жұмыспен қамту органдарында жұмыссыз ретінде тіркелмеген болса;

2) отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы азық-түлік себетінің белгіленген құнынан асып түскен жағдайда жәрдемақы тағайындаудан бас т а р т а д ы .

Мемлекеттік қызметті көрсетуді тоқтату үшін мыналар негіздеме болып т а б ы л а д ы :

- 1) баланың қайтыс болуы;
- 2) баланы толық мемлекет қарауына алу;
- 3) өтініш берушінің жәрдемақыны заңсыз тағайындауға әкеп соқтыратын жалған мәліметтерді беруі;
- 4) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген жағдайларда ата-аналарды ата-аналық құқығынан айыру немесе шектеу, асырап алуды заңсыз деп тану немесе жою, қорғаншыларды (қамқоршыларды) өздерінің міндеттерін орындаудан босату немесе шеттету.

Мемлекеттік қызметті орталық арқылы көрсеткен кезде уәкілетті орган жоғарыда аталған себептер бойынша бас тарту себебін жазбаша дәлелдейді және құжаттар пакетін алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қайтарады және кейіннен тұтынушыға беру үшін ХҚО-ға жібереді.

Құжаттардың ресімделуінде қателер анықталған кезде, осы регламенттің 13-тармағында көзделген құжаттар пакетін толық ұсынбаған және құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда құжаттар пакетін алған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде қайтарады және кейіннен тұтынушыға беру үшін ХҚО-ға жібереді.

Мемлекеттік қызметті тоқтата тұру үшін негіздемелер көзделмеген.

10. Тұтынушыдан мемлекеттік қызмет алу туралы өтініш қабылданған сәттен бастап мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сәтіне дейін мемлекеттік қызмет к ө р с е т у с а т ы л а р ы :

- 1) тұтынушы уәкілетті органға, ХҚО-ға немесе селолық округ әкіміне өтініш б е р е д і ;
- 2) уәкілетті орган өтініш берушіден немесе селолық округ әкімінен құжаттар келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде істі қалыптастырады және балаларға арналған жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды, ол туралы тұтынушыны жазбаша хабардар етеді, бас тартқан жағдайда-оның себептерін көрсетеді;
- 3) тұтынушы ХҚО-ға өтініш білдірген жағдайда құжаттар уәкілетті органның маманына беріледі. ХҚО-дан уәкілетті органға құжаттар пакетін жөнелту фактісі мемлекеттік қызметті көрсету процесіндегі құжаттар қозғалысын бақылауға мүмкіндік беретін штрихкод сканерінің көмегімен тіркелінеді;
- 4) уәкілетті органның маманы ХҚО-дан қабылданған құжаттарды тексереді, ХҚО-ның ақпараттық жүйесінде тіркейді (уәкілетті органның өзіндік ақпараттық жүйесі болмаған жағдайда) және құжаттарды тіркеп, бұрыштама соғу және

жауапты орындаушыны белгілеу үшін құжаттарды уәкілетті органның
б а с ш ы с ы н а ж о л д а й д ы ;

5) уәкілетті орган он жұмыс күні ішінде балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды;

6) уәкілетті органнан мемлекеттік қызметтің дайын нәтижелерін қабылдаған кезде, ХҚО штрихкод сканерінің көмегімен түскен құжаттарды тіркейді;

7) уәкілетті органның маманы, ХҚО инспекторы тұтынушыға балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау туралы хабарлама немесе қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту береді.

11. Мемлекеттік қызмет көрсетудің әр сатысында құжаттар қабылдауды жүзеге асыратын тұлғалардың ең аз саны бір қызметкер құрайды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі әрекеттер (өзара іс-қимыл) сипаттамасы

12. Мемлекеттік қызмет алу үшін қажетті өтініштің толтырылған нысаны мен басқа да құжаттар заңды мекенжайы, телефоны, электронды поштасының мекенжайы осы регламентке 1-қосымшада көрсетілген уәкілетті органның жауапты адамына немесе тұрғылықты жері бойынша ауылдық округтің әкіміне тапсырылады. Жауапты адамның кабинет нөмірі туралы мәліметтер уәкілетті органның мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі ақпараты орналастырылған стендісінде орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет ХҚО арқылы көрсетілгенде құжаттарды қабылдау «терезелер» арқылы жүзеге асырылады, оларда «терезелердің» мақсаттары мен орындайтын функциялары туралы ақпарат орналастырылады, сондай-ақ ХҚО инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетіледі.

13. Тұтынушы мемлекеттік қызмет алу үшін мынадай құжаттарды тапсырады :

1) балаларға арналған жәрдемақыны тағайындау үшін белгіленген үлгідегі өтініш ;

2) баланың (балалардың) тууы туралы куәлігінің (куәліктерінің) көшірмесі (көшірмелері) ;

3) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) отбасының тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі (азаматтарды тіркеу кітапшасының көшірмесі не мекенжай бюросының анықтамасы не селолық округ әкімінің анықтамасы);

5) белгіленген үлгідегі отбасының құрамы туралы мәліметтер;

6) белгіленген үлгідегі отбасы мүшелерінің табысы туралы мәліметтер;

7) асырап алушылар, қорғаншылар (қамқоршылар) тиісті органның асырап

алу немесе баланы қорғаншылыққа (қамқорлыққа) алу туралы шешімінің үзінді көшірмесін ұсынады.

